

Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты

Қазақстан Республикасы
Конституциялық кеңесінің 2000
жылғы 15 маусымдағы N 9/2
қаулысы

Конституционный Суд Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 6-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі Төраға міндетін атқарушы Н.І.Өкеев, Кеңес мүшелері Ж.Д.Бұсырманов, А.Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә. Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Қ.Дауылбаевтың қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 6-тармағын және 92-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп шығып, баяндамашы Қ.Ә. Омархановтың баяндамасын және өтініш субъектісі өкілінің сөзін тыңдап, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

1. Республика Конституциялық Кеңесіне 2000 жылғы 2 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 6-тармағын және 92-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті.

Өтініш беруге депутаттардың заң бастамашылығы құқығын жүзеге асыруға байланысты жағдай себеп болған.

Конституцияның 92-бабының 4-тармағына сәйкес Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдары оған қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады және Конституция қабылданған күннен бастап екі жыл ішінде оған сәйкес келтірілуге тиіс. Депутаттар өз өтінішінде Конституцияға сәйкес келтірілуге бағытталған олардың бастамашылық жасаған



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

заң жобалары Республика Үкіметінің теріс қорытындыларына байланысты Парламент Мәжілісіне енгізуге мүмкін болмай отырғанына сілтеме жасайды. Онда да бұл қорытындылар, өтініште баяндалғанындай, Үкіметтің емес, оның жекелеген мүшелерінің пікірін білдіреді.

Өтініш субъектісі Конституциялық Кеңестен жоғарыда аталған конституциялық нормаларға түсініктеме бергенде қолданылып келген заң актілеріндегі қайшылықтарды жоюға бағытталған заң жобаларына да, сондай-ақ оларды Конституциямен сәйкес келтіруге бағытталған заңдар жобаларына да Үкіметтің оң қорытындысы қажет пе; Үкімет Конституцияның 92-бабы 4-тармағының талаптарын орындау жөніндегі шараларды қолданбауға және Конституция ережелерін бұза отырып ресімделген өзінің теріс қорытындыларымен Парламент депутаттарының мұны істеуіне кедергі жасауға құқылы ма; Үкіметтің қорытындылары түпкілікті болып табыла ма және оларға сот тәртібімен шағымдануға бола ма деген кейбір мәселелердің ескерілуін сұрайды.

2. Республика Конституциясының нормалары мен конституциялық іс жүргізу материалдарын талдай келіп, Республика Конституциялық Кеңесі Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 6-тармағына және 92-бабының 4-тармағына түсінік беру туралы бір топ депутаттардың өтінішін қарағанда мынаны негізге алады.

Конституцияның 61-бабының 6-тармағы мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заңдардың жобалары Республика Үкіметінің оң қорытындысы болғанда ғана енгізілуі мүмкін.

Конституциялық Кеңес Конституцияның 61-бабы 6-тармағының түсіндірмесі Республика Конституциялық Кеңесінің "Республика Конституциясының 61-бабының 6-тармағын ресми түсіндіру туралы" 1997 жылғы 28 маусымдағы N 14/2 қаулысында берілгенін және қосымша түсінікті қажет етпейтінін атап өтеді.

Парламент депутаттарының осы өтінішін қарауға байланысты Конституциялық Кеңестің құзыреті қандай да бір мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінің конституциялылығын анықтау емес, тек конституциялық нормаларды түсіндіру құқығымен шектеледі.

Конституциялық Кеңес "Қазақстан Республикасы Конституциясының 92-бабы 4-тармағын ресми түсіндіру туралы" 2000 жылғы 15 маусымдағы N 8/2 қаулысында осыған орай "Қолданылып жүрген заңдарды Конституцияға сәйкес келтіру үшін Конституция белгілеген екі жылдық мерзім құқық шығармашылық қызметін жүзеге асырушы барлық субъектілер үшін міндетті болып табылады. Аталған іс-әрекеттерді белгіленген мерзімде орындамау Конституция нормаларын бұзу болып табылады" деп түсінік берген болатын.

Сонымен Конституцияның 92-бабы 4-тармағының талаптары сөзсіз орындалуға тиіс. Аталған конституциялық міндетті заң процесі өкілетті субъектілерінің шешетіні анық. Мемлекеттік бюджет жобасын дайындау кезінде Үкімет Конституцияның 92-бабының 4-тармағының талаптарын ескере отырып, қолданылып жүрген заңдарды Конституцияға сәйкес келтіруге байланысты мемлекеттік кірісті қысқартудың да, сондай-ақ мемлекеттік шығысты көбейтудің де көзделетінін ескеруге тиіс. Мемлекеттік биліктің екі тармағының тежемелік пен тепе-теңдіктің пайымды балансын сақтауы тиісті конституциялық нұсқамалардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының өзара қарым-қатынасының барлық мәселелері Конституция нормаларында көзделген және конституциялық өкілеттіктерін пайдалана отырып олардың өздері келісу рәсімдері шегінде шешеді немесе мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының кепілі, биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Республика Президентінің қатысуымен (Республика Конституциясының 40-бабы) шешіледі.

Баяндалғандарға байланысты билік тармақтарының арасындағы дауларды, оның ішінде заң жобалары жөнінде Үкімет берген теріс қорытындыға да байланысты дауларды сот тәртібімен шешуге жол берілмейді, өйткені жоғары заңдық күші бар және үстемділігі болғандықтан конституциялық нормалар соттар мен басқа қандай да бір органдарға жүгінбейді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011.04.27 № 4 нормативтік қаулысымен.

3. Конституцияның 61-бабы 6-тармағына сәйкес Республика Үкіметінің қорытындысы талап етіледі. Бұл ретте қорытындыны Үкімет алқалы орган ретінде берген жағдайда оның конституциялық-құқықтық заңды күші болмақ.

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес осы мемлекеттік органның ұжымдық пікірі не оның қаулысы арқылы (Конституцияның 69-бабының 1-тармағы), не қорытынды нәтижесі хаттама шешімімен ("Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Конституциялық заңның 18-бабы, Үкімет Регламентінің 8, 9 және 11-тармақтары) ресімделіп, төрағалық етушінің қол қоятын отырысы арқылы білдіріледі.

Сонымен қатар, Үкімет Конституцияның 61-бабы 6-тармағының мәніне сәйкес қорытынды не басқа құжатты қабылдай алады, бірақ ол оның пікірін алқалы органның ("Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Конституциялық заңның 18-бабының 4-тармағы және Үкімет Регламентінің 11-тармағы) пікірі деп есептеуге мүмкіндік беретін құрамда қабылдауға тиіс.

Үкімет қорытындысының конституциялық маңыздылығын есепке ала келіп, осы мәселенің қорытындылар шығару тәртібін, оларды ұсыну мерзімдерін белгілей отырып регламенттеумен заңды реттеу барынша тиімді деп саналады, бұл тиісті заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

4. Осыған байланысты Республика Конституциясының 92-бабы 4-тармағының түсіндірмесі "Қазақстан Республикасы Конституциясының 92-бабы 4-тармағын ресми түсіндіру туралы" Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 15 маусымдағы N 8/2 қаулысында берілгендіктен Республика Конституциялық Кеңесі аталған конституциялық норманы қайталап түсіндіруге негіздеменің жоқ екендігін және оның қажетсіз екенін атап өтеді.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының

1) тармақшасын, 32, 33, 37 және 41-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 6-тармағын мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты көбейтуді көздейтін заң жобаларына қорытындыларды алқалы орган ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі беруі керек деп түсіну қажет.

Қорытынды Республика Үкіметінің тиісті қаулысын қабылдаумен, немесе оның отырысының хаттамалық шешімімен, сондай-ақ Үкіметтің ұжымдық, заңды

пікірін білдіретін басқа құжатпен ресімделеді. Қорытындыға Республика Премьер-министрі, не ол болмағанда Республика заңдарына сәйкес Премьер-министрдің орнын басатын Премьер-министрдің орынбасары қол қояды.

Биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарының арасындағы келіспеушілік олардың конституциялық өкілеттіктері негізінде келісу рәсімдері жолымен шешіледі.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясы 74-бабының 3-тармағына сәйкес, осы қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және Қазақстан Республикасы Конституциясы 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескеріп, шағымдануға жатпайды.

3. Осы қаулы қазақ және орыс тілдерінде республикалық ресми баспасөз басылымдарында жариялансын.

**Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесі
Төрағасының міндетін атқарушы**